

• ТУҒАН ЖЕР ТАРИХЫ

Сарыарканың жазира дала-сының тұла бойы тұнған тарих, қат-қат шежіре, жерінің қойнауы - көне жәдігерлер көрмесі. Арқаның төсінде орналасқан Теректі өңірінде көне дәуірдің куәсі іспетті. Олай деуімізге «Теректі әулие» деп аталатын тас төбешіктер көне заманның құпиясын өз қойнауна жасырып жатқандай. Жезқазған-Қарағанды тас жолы бойындағы Теректі елді мекенінен оншақты шақырымдай жердегі «Теректі әулие» деп аталатын жерде тас бетіндегі суреттер мол. Кейбір әдебиетте еске алынып кеткені болмаса, бұл суреттер толық зерттелмеген. Бұл жартастардағы суреттер яғни петроглифтер - тас немесе металл құралдармен қашалған. Тас бетіндегі қашалған суреттерде көбіне жылқының бейнесі салынған. Адамның бейнесі сирек кездеседі. Хорезмның XI ғ. ғалымы Әбу Райхан әл-Бируни кимақ еліндегі жергілікті тұрғындар сыйынатын жұмбақ суреттер туралы: «Оғыз елінің бір жерінде су көзі - құдық бар, жанында қол, аяқ табанының ізі жатыр» деп жазады.

Теректі әулие аталатын мекен қызыл қоңыр тас аласа ғана 5-6 төбешік. Осы төбенің беті толған сурет. Суреттер тас бетіне қашалып салынған. Кейбір ойылған суреттің тегістеліп өңделгені соншалық, тас беті айнадай жалтылдайды. Иә, қай сурет болмасын тас бетінен үн қатып тұр. Бұл таңбалардың жұмбағын тап басып, дәл шешіп беру қиын. Дегенмен, олар бағзы заманғы адамдардың тіршілік тынысынан, білім дәрежесінен хабар беретіндей болжам жасауға жетелейді. Сол тастардың арасында бір ерекше сурет бар. Жұмсақ жерге немесе сазға түскендей адамның маңдайы мен мұрнының, екі алақанының, тізделері мен табандарының ізі қалған-тасқа ойылып салынған. Құбылаға бағытталған осы із жөнінде Теректі әулиенің мінәжат еткен орны деген аңыз бар. Төбенің оңтүстік жақ көлбеу беткейінде жоғарыдан төмен қарай бағытталған жолақ таңба алыстан ағарып көрінеді. Маңындағы ел мұны «Әулие сырғанағы» деп атайды. Неге олай аталғанын болжау қиын. Назар аударарлығы сол, «сырғанақтың» беті таңбалы суреттерге толы. Соның ішінде шарпысып тұрған қосақтаулы екі жылқының бейнесі басқаларына қарағанда айқын. Бұл «ақ боз ат, көк боз ат» аңызын еске түсіреді. Қолдан салынған ақтандақ жолақтың өзі «күс жолының» суреті емес пе екен? Олай болса мұндағы бейнелер аспан шырақтарының тәсімі (схемасы, картасы) болып шығады ғой. Енді бір таста таутекелер шоғырланған. Олардың орналасуында белгілі бір

жүйе бар. Шыршық «спираль» бойымен тізбектелген, таутекелердің саны он екі. Өкінішке орай шеткі суреттердегі таутекелердің мүйіздері ғана көрінеді. Өйткені тастың жиегі табиғат сынына төтеп бере алмай, мүжіле бастаған. Таутекелер шоғыры бейне бір жұлдыздар керуені іспетті. «Керуеннің» соңынан өрлеген жылқыны жетектеп келе жатқан кісінің бейнесі бар. Ал жылқының артынан тағы екі адамның әлпеті салынған. Қолдарын сермеп өрелі атты асықтыра айдап келе жатқандай. Он екі таутекенің ескіні он екі мүшел есебін, не он екі айдың мөлшерін көрсетеді-ау деп жорамалдауға болады. Таутекелердің

іздер тегін емес. Ел аузындағы әңгімеде бұл іздерді Теректі әулиенің ізі, ал сол маңдағы жылқы тұяғының іздерін әулиенің тұлпарының ізі деп атайды. Теректі әулиедегі адам іздерін Қызыр бабаның ізі деп пайымдасақ та артық айтқандық болмас. Тағы бір ұзындығы екі құлаштай жалпақ тастағы жануарлар суретінің арасындағы өгіздің әлпетіне таң-тамаша боласыз. Себебі, Франциядағы Фон-де Гом, Ласко үңгірлеріндегі суреттерге ол өте ұқсас. Толқындалған мүйізі алға қарай ұмсына біткен өгіз басқаларға қарағанда ерекше көзге түседі. Өте әсерлі пішін. Барынша дәл бейнеленген жануардың суретіне қарап салған адамның ырғақ

көпшілігінің ұсқыны кетіп-ақ тұр. Тиынақты зерттеу жұмысы жүргізілсе бұл ескерткіштердің ғылымға қосар үлесі мол. Суретті төбеден теріскейге қарай жер астынан бұрқылдай шығып, жарыса ағып жатқан суы мол үш қасқа бұлақтың маңынан табылған тас жebelер, найза ұштары, қыш ыдыстардың сынықтары бұл жердің елді мекен болғандығына куә.

Тағы бір рәсім жасалатын жартастағы киелі соқпақ болып табылады. Аңыз бойынша сақпақпен жүріп өткен әрбір кезең рухани тазартып, әулиелердің аруақтарына жақындатады екен. Ең биік төбедегі адам табанның ізі бір кездерді осы маңда өмір сүрген,

Әулие сөзі Ұлытау-Ертарғы мен Кертарғы заманнан бері бізге жеткен деректер ішінде Жарас-Зараштуыштра атанған дала пайғамбарына лайық тәрізді. Себебі: ол шын мәнінде әулиеге лайық, әрі Алланың нұрын көріп, періштелермен сұхбаттасқан деседі. Ал «әулие» сөзі арабша сөздікте-Уәли, ал көпше «әулие» деп анықтама береді. Алланың жүзін көрген, соңына мол ғылыми еңбек қалдырған Зәрдеш-Жарасқа осы әулиелікті кимауға бола ма? Енді аңызға сәйкес «Теректі Әулие» намаз оқыған кез қай дәуірге, қай мезгілге, қандай оқиғаға сәйкес келуі мүмкін дегенге келсек, ол - жаңа жыл басы, жер бусанып, тіршілік иелері ояна бастаған Наурыз-Ұлыстың Ұлы күніне дәл келеді екен. Нақ сол күні Аллаға мінәжат еткенде періштелермен бірге Қызыр бабаның да назары ауып, Ертарғы мен Кертарғы маңындағы киелі төбеге ықпалы түсіп, нақ сол сәттен бастап бабамыздың басына пайғамбарлық қонған деседі. Халқымыздың мифологиялық түсінігі бойынша наурыздың 21-і күні даланы Қызыр аралайды. Сол себепті осы түн «Қызыр түні» деп аталады. Жақсылықтың жаршысы, жаңа түскен күн нұрының символы - Қызыр ата даланы кезіп жүріп назары жерге түссе «тасты ерітіп жібереді». Осындағы «Күн нұрының символы-Қызыр ата»-деудің өзі сонау қола дәуіріне, күнге табынған кезді меңзейді емес пе екен? Демек, Зәрдеш-Жарас тәу еткен киелі орын Теректі Әулие болуы қисынға келеді-ақ. Қасиетті Құранда өлмей қалған төрт пайғамбардың қатарында Қыдыр (Қызыр) пайғамбардың есімі де аталады. Аңыз бойынша Қыдыр ата несібе, байлық таратушы болып саналады. Олай болса аңыздардағы Қыдыр ата атауын Теректі Әулиемен байланыстырудың қисыны бар секілді.

Тылымға толы Теректі Әулие кешенінің күңгірт аспаны бір сырды бүгін жатқандай. Еліміздің түкпір-түкпірінен келушілер күннен күнге толастаған емес. Тарихи құндылығы зор, көздің жауын алар жауһарлар әлі талай ұрпаққа бабалар аманатын алып барары анық. Көнеден жеткен мұра - суретті тас бетінің жақпар - жақпар құшағы бір-бір дастан. Құпиясын уақыт құлыптаған, ғасырдың теңбіл тәжіне айналған бұл жартастар ұлы даланың Эрмитажы секілді.

Серік ПАХМЕТОВ,
«Жезқазған жанары»,
шығармашылық
бірлестігінің жетекшісі.

Теректі әулие

мүйіздері ай тәрізді болғанымен бір-біріне мүлде ұқсамайды һәм тарапқа бағытталған. Қалай дегенмен де тасқа ойып салынған бұл суреттер еріккеннің ермегі емес, талай жыл төгілген тер. Тынымсыз, еңбектің нәтижесінде, пайда болған белгілі бір ойды білдіретін жазу екендігіне еш күмән болмаса керек. Бабаларымыз не айтқысы келді екен? Жүре келе бір нүктеге айналуы яки әлемнің шексіздігін - рухани күштің бірлігін білдіре ме? Болмыстың бір түрінен екінші бір түріне ауысуы айта ма? Толған сұрақ.

Таудың қай тұсына қарасаң да салынған таңба. Оларда шаңырақ мүйіз өгіз де, алдыңғы қос аяғын бауырына ала ышқына секірген ат та, қоса аяқталған түйе де баршылық. Ұмсына біткен жартастың жиегіндегі күннің батысына қарай аяғын нық баса өткен адамның ізі кілт үзілген, алды құлама жар. Өкшесіз жайпақ табанды мәсінің ізіне қарап, аяқ ұшының сыртқа қарай алшай түсуінен бұл іздің егде адамдікі екенін пайымдауға болады. Сондай ыждаһаттылықпен адам ізін тасқа қашап салу не үшін керек болды екен? Үнділіктердің «Дипавали» деп аталатын мерекесі кезінде Лакшми атты бақыт құдайына тағзым ету дәстүрі бар. Бұл дәстүрде үйдің кіре берісінде салынған екі табанның суреті болады. Жалаңаяқ адамның қатарласқан екі табанының суретін Махалакшми деп атайды және ол үйдің ішіне қарай бағытталып салынады. Сенім бойынша осы іздер арқылы үйге бақыт келеді деп есептеледі. Мүмкін осы дәстүрмен желісі бір яки сарындас па, жайлы қоныс болар алқапқа қарай бағытталған

пен танасты сөзінуіне әсерленбеу мүмкін емес. Төбенің етегінен қарағанда 60-70 метр шамасындай биіктегі жартасқа салынған түйенің сұрғылт бейнесі де айқын көрінеді. Ширьға шабынып тұрған бураны айна-қатесіз танысыз. Пішіні тек әркендік (эстетикалық) көркемдік сипатымен ғана емес мазмұнымен де толымды. Көпшілік суреттің мөлшері 20-40 см. шамасында. Арақидік көлемді суреттер де ұшырасады. Таң қаларлық нәрсе, кейбір суреттер күннің үш мезгілінде (танертен, түсте және кешке) үш түрлі құбылып көрінеді. Күннің түсу бұрышына байланысты айқындығы да әртүрлі. Тас бетіне белгі-бедер түсіру үшін арнайы құрал қажет. Бұл құралдың қаттылығы өңделетін тастікінен жоғары болуы керек. Суреттер белгілі бір ойды жеткізетін жазулар екендігі белгілі. Ендеше суреттер текке салынбаған. Тас бетіндегі бейнелер тағы бір ойға жетелейді. Суретті салған кім? Максаты не? Не айтпақ болды? Бұл сұрақтарға тікелей тұжырымды жауап беру қиын. Дегенмен, тас бетіндегі белгі, бедер бар жерде кеннің болуы тегін емес. Яғни, суреттер мен кеніштің арасында байланыс бар. Ал кен алған орындардың кездесуі сол кенді өндіретін адамдардың кәсібі болғанына дәлел. Суреттер астрономиялық белгілер ғана емес, сол маңдағы кен қабаттарының орналасуын, мөлшерін немесе кейбір асыл тастардың таралуын, олардың сол маңдағы қорының қанша екендігін көрсетуі де мүмкін ғой. Тас төбелердің маңындағы қорымдардағы зираттарда сәулет өнерінің бірегей туындылары. Амал не, уақыт аяусыз мүжіп

ислам насихаттаушысының болып табылады. Ал табан ізінің Мекке жаққа қарауы әрбір мұсылманға ислам дінінің ең негізгі міндетінің бірі Меккеге қажылыққа бару екенін есіне салады деседі.

Бұл жер бүгінде мінәжат ету орны. Мұнда экстрасенстер, халық емшілері, астрономдар, ауырған адамдар, ғалымдар және қызықтап келгендер келіп жатады. Көбісі бұл жерлерде күшті табиғи энергетика барын айтады. Мұнда күн энергиясының ағыны күшті, әсіресе суы емді, ол түрлі тау жыныстарына кварц және шапшақ тастардан өтіп келіп, адамды көптеген аурудан жазайды.

Санамызда сан сұрақты тудырған осы төбешіктің шығыс жұрты тойлайтын наурыз мерекесіне және діни аңыздарға да қатысы жоқ емес. Діни аңыздарда Заратуштра аталатын пайғамбар бар екені айтылады. Орта Азия жұрты оны Зәрдеш-Жарас немесе Зәрдеш деп атайды. Оны Наурыз күні елді аралайтын Қызыр (Қыдыр) атаға балайды. Наурызға қатысты деректерде айтылып, жазылып жүрген мақала, ғылыми еңбектерде қолданып жүрген Зәрдеш - Зор атаның мәні мен оны Қызыр бабаға теңеуіміздің астарына сәл үңілсек: Наурыз-парсыша «Жаңа күн». Бірақ, ол парсы елінің ежелгі салты еместігін ғылым мойындайды. Бағзы заманнан жалғасқан «Әулие» атауына кім лайық? деумен қатар намаз оқыған сәтінде «тас балқыды» деген мәселені де қарастырайық.

Осы екі жайт әшейін айта салған сөз бе, әлде әлденені меңзей ме? Мұнда мынадай қисын бар сияқты:

